

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.06.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнулина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.06.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБЖАМАЛОВА Ж.Е. САҒИДОЛДА Г.	Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы	7
АХМЕТОВА Б.З., ТЛЕУЛЕСОВА А.Ш., ЖАЕВА Р.Р.	Производные имена как отражение языкового сознания в высказываниях на территории северного Казахстана	14
АХТАЕВА Н., СҮЛЕЙМЕНОВА Ә., САРЫБАЕВА Б.	Контекстік синоним парадигмасы	22
ӘДІЛОВ М.Е., ЕКИЖИМ., ЖИЕМБАЙ Б.С.	Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері	31
БАТЫРБЕКОВА К.А., АЛИМБАЕВ М.Е., МЕДЕТБЕКОВА Н.Н.	Lexico-semantic character of somatic names occurring in the written monument «Baytaratu'l-Vazih»	42
ИСЛАМА., БЕІСЕБАҮЕВА А., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., ОСЕРОВ Б.М.	Comparative analysis of political and diplomatic discourse М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі	51 60
ПАШАН Д.М., ХАБИЕВА А.А., ЕЛУБАЙ Ә.М.	«Нарғыз» антропонимінің семантикасы, орфографиялық нормасы және қолданылу жиілігі	67
ТӨКЕНҚЫЗЫ Г., ОМАРОВА С.Қ., КАДИРХАН А.К.	Қазіргі телебағдарламалар тілі (қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары негізінде)	78

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АНАНЬЕВА С.В., ИБРАЕВА Ж.Б., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Динамические и статические мотивы в повествовательной структуре романа Ильяс Есенберлина «Влюбленные»	91
ЖӨЛЕЛОВА М.С., АРСЛАН М.	Қалқаман Сарин поэзиясындағы ауылға сағыныш: поэзиядағы көркемдік өрнектер («Арқаттағы біздің үй» өлеңінің негізінде)	102
КАЖЫТАЙ Б.К.	Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі	111
ҚАДЫЛ Т.	Мағаз Разданұлы поэзиясындағы философиялық тереңдік	120

НҰРМАХАНОВА М.Қ., МҰСАЛЫ Л.Ж., СОВЕТОВА З.С.	Белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың бағалауындағы қазақ-украин әдеби байланыстары	131
СЕРАЛИМОВА С.А., БЕЙСЕНОВА Ж.С	Культурные коды в художественном переводе	140
ТЛЕУБЕКОВА Б.Т., ИБРАЕВА А.Д., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Көркемдік әдістің әдеби ағымдары мен бағыттары	151

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И
ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ИСЕНОВА Ф.К., КАУДЫРОВА А.О., ДҮКЕМБАЙ Г.Н.	Роль рефлексии в формировании языковой личности студентов	162
ЖУМАДИЛОВА М.Н. БЕРКЕНОВА Р.А.	Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың линводидактикалық әдістеме негіздері	173

*Н.Х. АХТАЕВА¹Ә.К. СҮЛЕЙМЕНОВА²Б.Ж. САРЫБАЕВА³

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан^{1,2,3}

(e-mail: nagibek78kz@gmail.com¹, suleimenova1978@bk.ru², bayanjan73@mail.ru³)

КОНТЕКСТІК СИНОНИМ ПАРАДИГМАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі контекстік синоним парадигмасы қарастырылады. Оның лингвистикадағы зерттелу деңгейі, орны, семантикалық, стилистикалық ерекшелігі тарқатылып, мәтін түзудегі рөлі анықталады. Тақырып аясында синонимдердің контекстегі мағыналық реңкі, қолданылу аясы, автор идеясын жеткізудегі рөлі талданып, оның теориялық негізі құрастырылады. Мақала арқылы контекстік синонимдер табиғатын тереңірек түсінуге және оларды зерделеудің жаңа бағыттарын тануға болады. Синонимдік қатар, олардың мәтінде қолдану ерекшелігі, зерттеуші ғалымдар тұжырымындағы сипаты да қамтылған. Синонимдердің контексте өзара алмасу мүмкіндіктері, стилистикалық және парадигмалық қызметтері ашылып, тілдік жүйедегі рөлі айқындалды. Сонымен қатар сөздердің лексикалық бірлік ретіндегі қызметі нақты мысалдық талдаулар арқылы барынша ашылған. Бұл ретте контекстік синонимдер белгілі бір сөйлеу жағдайында, мағыналық байланыс аясында қолданылатын синонимдердің түрі ретінде қарастырылып, прагматикалық қызметі мен семантикалық ерекшелігі талданады. Қазақ тіліндегі синоним бойынша зерттеу жүргізген Ә. Болғанбаев, К. Аханов, А. Айғабылов, А. Салқынбай, Б. Сағындықұлы, Г. Смағұлова, Б. Шалабай, Ғ. Хасенов сынды көрнекті ғалымдардың еңбектері мен синонимия құбылысын талдаған Ю.Д. Апресян тұжырымы талдау нысаны ретінде алынып, синонимдердің мәтіндегі мағына дәлдігі, стильдік жүк пен прагматикалық реңкке әсерін көрсетудегі басымдығы ұсынылған. Сонымен қатар синонимдік қатардағы сөздердің тіркесімділігі, семантикалық валенттілігі және сөйлемішілік қызметі сипатталады. Зерттеу нәтижесі контекстік синонимдерді тілдің семантикалық құрылымындағы дербес тілдік бірлік ретінде қарастыру қажеттігін алға тартады және қазақ тіліндегі синонимия құбылысының прагматикалық сипатын жан-жақты тануға жол ашады.

Зерттеу барысында лингвистикалық талдау әдістері негізінде көркем шығарма мәтіндеріндегі синонимдік бірліктердің мәтіншілік жуықтықты танытатын қасиеті қарастырылады. Қазақ тіліндегі синонимдік қолданыстардың контекстке тәуелді семантикалық құбылыстары кеңінен сипатталады.

Түйін сөздер: контекстік синоним, семантикалық өріс, лексикалық синоним, прагматикалық мағына, синтаксистік синоним, парадигмалық байланыс.

Кіріспе. Қазіргі лингвистикада синонимдер жүйесін зерттеу тілдің мағыналық құрылымын терең түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, контекстік синоним парадигмасы белгілі бір тілдік ортада мағынасы ұқсас сөздердің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін маңызды бағыттардың бірі. Бұл тақырып тіл білімінде өзекті, себебі сөздердің мағыналық реңктері мен олардың контексте өзгеруі коммуникацияның дәлдігі мен байлығына тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Қазақ тіл біліміндегі сөз жүйесінің зерттелу тарихында синоним тақырыбын терең зерттеген ғалымдардың бірі – Ә. Болғанбаев. Ғалым синоним қолдануының негізгі

тәсілдерін көрсетіп, олардың мағыналық реңктерін талдаған. К. Аханов та синоним сөздердің мағынасы жағынан сәйкес келіп, ұғымды білдіретінін атап өткен. Сол сияқты синонимдердің ғылыми-практикалық сипатын танытқан А. Айғабылов, Ф. Оразбаева, Б. Сағындықұлы, Г. Смағұлова, А. Салқынбай сияқты ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Мәселен, «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінің авторлары синонимдерді тарихи өзгеріп отыратын семантикалық категория ретінде танып, синнимдік қарым-қатынастарды негізінен тілдің қазіргі даму қалпынан қаралып, шешілу керектігін орынды айтқан [1, 108]. Ф.Ш. Оразбаева синоним болудың алғы шартын бір сөз табынан болуымен байланыстырып, «Синонимдер мағыналары жақын сөздер, дегенмен мағыналары тепе-тең болу шарт леген түсінік тұмауы керек» [2, 128] десе, А. Айғабылов синонимдердің төрт түрлі жасалу жолын түзіп, соның ішіндегі көп мағыналылық байланыстан пайда болған синонимдердің ішкі мағыналық жақындығын ауыспалы мағынадан өрбитін синонимдік қатарға алып келеді. Ғалым келтірген мысалды «контекстік синоним» [3, 31] – деп атамаса да, мәтіндік мағынасы синонимдік қызмет атқара алады.

Ғалым А. Салқынбай синонимдердің терең мағыналық құрылымы мен контекстік қолданысының күрделігін анықтау үшін «Лебіздік қолданыста олардың құрамындағы семемаларды айырудың маңызы зор, өйткені синонимдердің ішкі мәні мен мазмұны контексте айқындалып, семантикалық валенттілігі мен тіркесімділігі көрінеді. Синонимдік парадигмаға енетін атаулардың өзіндік ерекше семалары олардың ішкі мазмұнының, экспрессивті-эмоционалдық қырын, стильдің сипатын анықтайды» [4, 107] – деп береді. Ғалым сөздердегі сабақтастық пен ұқсастықты жұмсалатын синонимдес тұлғалардың қызметін қарастыру қажеттігіне екпін түсірген.

Ғ. Хасанов лексикалық тіркесімді сөздердің қатар тұрған мағынасымен байланыстырып, прагматикалық және синтагматикалық қатынастарды тілдің семантикалық қаңқасын құрайтын құрылым ретінде танытады. Және семантикалық жүйенің ішінде ең басты прагматикалық қатынас ретінде семасиологтардың синонимия құбылысын жатқызатынын айтқан [5, 84].

Зерттеушілер Б. Сағындықұлы мен Ж.Е. Аманжанова синонимдік қатарлардың өзара семантикалық және қолданыстық реңктерін ажырату маңыздылығын екшелейді. Олардың араларында тығыз байланыс болғанмен, тіркесімділік қабілетінен туындайтын ортақ және айырушы семаны анықтай келе, «Синонимдердің сөз қолданысындағы реңктері сөздердің бір-бірімен тіркесу қабілетінен шығады» [6, 163] дей келіп, сөздің мағыналық реңктерінен сөйлемдегі қолданыстық ерекшеліктері айқындалатынын түйіндеген.

Жалпы, қазақ тіл білімінде синонимдердің зерттелуі әріден басталғанмен, контекстік синонимдерді арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастыру әлі де толықтыруды қажет етеді. Бұлай деуімізге, синонимдердің жасалу жолынан бастап, олардың стилистикалық рөлі, функционалдық ерекшелігін жан-жақты танытқан еңбектерде синонимдердің контекстік қолданыстағы ерекшеліктері мен олардың прагматикалық мағынасы арнайы зерттеу нысаны ретінде жан-жақты таныла қоймағаны себеп болды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақала синонимдердің жеке тұрғандағы мағынасы ғана емес, олардың нақты контексте қалай өзгеретінін, бір-бірін қалай толықтыратынын және қандай жағдайларда алмастырылатынын анықтауға бағытталды. Сол себепті, негізгі ғылыми тұжырым жасауда отандық ғалымдар (М. Серғалиев, Ғ. Хасанов, Б. Сағындықұлы және т.б.) мен шетелдік ғалымдардың (Ю. Апресян, Т.Б. Радбиль және т.б.) еңбектері басшылыққа алынды. Осы ретте лексикалық-семантикалық, салыстырмалы талдау, прагматикалық, стилистикалық және контекстік әдістерге сүйендік. Осылайша, контекстік синоним парадигмасы туралы зерттеу синоним құбылысын тереңірек түсінуге, қазақ тілінің экспрессивті мүмкіндіктерін кеңінен ашуға және тілдің функционалдық қырларын айқандауға мүмкіндік берді.

Талқылау мен бақылау. Контекстік синонимдердің семантикалық байланыстары ғылыми талқылаудан өткен және олардың арасындағы семантикалық қатынастар мен

олардың қолданылу шарттары қарастырылған [7]. Қазақ тіл білімінде де синоним парадигмасы бір қарағанда зерттеу шегін тауып, о бастан Ә.Болғанбайұлының терең талдау сүзбесінен өтіп, жан-жақты тарқатылған лексикалық бірлік іспеттес. Дей тұрғанмен оның әлі де қарастыруды қажет ететін тұстарына тап боламыз. Бұл туралы профессор Б. Сағындықұлы қазақ тіл білімінде сөз жүйесінің барынша зерттелгенін айта келіп, «Әсіресе лексиканың басты нысаны болып табылатын сөздің мағыналық жағы мен басқа салаларға материал ретінде жұмсалатыны қай тілде болмасын тиянақталды. Солай бола тұра, жеке дара сөздің басқа сөздермен арақатынасы, оның біртұтас бірлікке еніп өзара байланысқа түсуі тағы бір саралауда қажет ететінін» [8, 86] орынды екшеген. Ғалымның жеке дара сөздің контекстегі қызметін саралау қажеттігін айқындаған тұжырымы қазақ тіл білімінде әлі де толық шешімін тапты деп айта алмаймыз. Бұл әсіресе контекстік синоним тақырыбына келгенде аңғарылады. Контекстік синонимдер Б. Сағындықұлынша айтсақ, негізгі мағыналы сөздің тұрақтылық қалпын сақтап отыра бермейтін, контекст ішінде өзгеріске ұшырап, әншейінде синоним бола алмайтын сөздер өзара мәндестік ұғымда орналасып, синтаксистік синонимдер немесе контекстік синонимдерге айналуынан туындайды [9, 106].

Сөзжүйесіне қатысты еңбектер делексікалық синонимдерге ерекше тоқталып, олардың бір ұғымды беріп, бір сөз табына қатысты болып, өзара мәндес, жуық мағынада келетін сөздерден тұратындығы да айқындалған [1, 104]. Ал контекстік синоним туралы қазақ тіл біліміндегі зерттеулер синтаксис мамандарының үлесінде. Аталмыш бірлік М.Серғалиев, Р.Әмір, Б.Сағындықұлы сынды зерттеушілер тарапынан біршама зерделенгенімен, лексиколог мамандардың зерттеу нысанына айнала бермеген. Бұл мағынаның мәтін ішіндегі айналымынан туындаған бірлікті синтаксис жетегіне қалдырумен шектелгендіктен болар. «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигма» монография-оқулығы былай дейді: «Синонимдерді тіл білімінде, әдетте, лексикология саласында қарастырады да, оның контекстегі қызметіне назар аударыла қоймайды. Сондықтан синонимдердің аяқталған дербес сөйлемдерді байланыстырудағы, синтаксистік бірліктердің коммуникативті-функционалдық қызметіндегі алатын орнын көрсетіп беру – синтаксисті зерттеушінің бір міндеті» [10, 309].

Контекстік синонимдердің қасиеттері, белгілері ретінде М. Серғалиев авторлық, индивидуалдылық немесе стилистикалық қырларын көрсетеді [11, 32]. Контекстік синонимдер парадигмасын құрайтын сөздер тұлғалық, мағыналық жағынан әр алуан болғанымен, мазмұны жақын болып келеді. Б. Сағындықұлы құрмалас сөйлем дамуының бір қырын синонимдік мағынадан табады. Ғалым синонимдердің мәтін түзудегі ерекшелігін мысалдар арқылы тарқатып, олардың салалас құрмалас сөйлем құрудағы шеберлігіне тоқталған [12, 157]. Синонимдер үшін контекст – сөйлем іші. Синонимдер сөйлем ішінде, ең алдымен, негізгі мағыналы сөздердің қатысымен келеді. Олардың бір сөйлемнің ішінде тұруымен қатар, жеке-жеке сөйлемдер ішінен де іздестіруге болатынын мысалдар арқылы талдаған [12, 156].

Лексикалық синонимдерге тән негізгі ерекшеліктің бірі ретінде оның грамматикалық сипаты, ортақ синтаксистік қызметі, яғни мағынасы жақын, мәндес сөздер ретінде бір сөз табына жатады, бір грамматикалық құрылымда түрленеді, бір синтаксистік қызмет атқарып, бірдей қатынаста тұрады [4, 106] делінеді. Бірақ бұл ерекшелік контекстік синонимге келгенде сақталмайды. Себебі контекстік синоним, аты айтып тұрғандай, тек контексте синонимдік қызмет атқарады. Контекстен тыс жерде синонимдік қабілетінен айырылады.

Синонимия мәселесін терең зерттеген тілші Ю.Д. Апресян контекстік синонимдердің мағынасы мен қызметін қолданылу ыңғайына қарай (дистрибутивтік) анықтай келе, синонимдердің белгілі бір контексте бірін-бірі алмастыру қасиетін міндетті ерекшелік ретінде санайды [13, 219]. Осы пікірдің көрінісін синонимдерді түсінудің шектеулі мүмкіндіктерін алған тартқан, түсініксіздікті қабылдау жолдарын ұсынған зерттеуден де аңғарамыз. Белгілі бір пәндік салаларда синонимдік білімді дұрыс түсіну аса маңызды әрі күрделі мәселе екенін дәлелдеген зерттеушілер «...мағыналық ұқсастыққа негізделген

тапсырмаларды тиімді шешу үшін күрделі контекстердегі тіркестер арасындағы синонимдік қатынасты дәл анықтау қажет. Бұл мәселе өз кезегінде синонимдік білімді алдын ала оқытылған тілдік модельдерге енгізудің өзектілігін арттыратынын» [14, 1] орынды айтқан. Ізденушілер зерттеу нәтижесінде контекстік синонимге негізделген тілдік үлгі ұсынады. Жалпы саны 16,5 миллион жұпты құрайтын синоним дереккөзін негізге алып, табиғи тілден контекстік синонимді өрбітудің маңызын көрсетеді [14, 2]. Қалай дегенмен, контекстік синонимнің көрінісі мәтінге тәуелді.

Мәтінді негізгі қатысымдық бірлік ретінде танытқан профессор Б.Шалабай контекстік синонимдердің метонимия арқылы жасалып, тізбекті түрде байланысу жолы ретінде прафразаны бере отырып, «Дербес сөйлемдердің контекстік байланысу құралы ретінде жүйелі синонимдер де, контекстік синонимдер де жұмсала береді» [10, 310] – дейді.

Контекстік синонимдер автор идеясының бір ұяға топтасуынан барып туындайды. Сол контексте мәтінішілік мәндес топты құрып тұрған сөздердің жекелеген мағыналық сипаты көлеңкеде қалады. Контекстік синонимдерде дамытушылық сипат басым. Мәселен, *Ақбілек бейнеттен, қорлықтан, күнадан құтылып, сонау жеті қат көктегі ғарышқа апарып, жүрегін алтын легенге салып жуғандай, анадай жаңа туғандай тазарды* (Ж.Аймауытов). Келтірілген мысалдағы контекстік синоним автордың кейіпкер туралы ойын терең жеткізу мақсатында үдетіліп, градациялық сипатта берілген. Олар мәтіннің мағынасына байланысты жақын сөздер ретінде қолданылған.

Бейнет – бұл сөз контексте «қорлық» сөзімен мағыналас. Екеуі де Ақбілектің басынан кешкен азабын, қиындығын білдіреді. Жеке алғанда бұлардың әрқайсысы өз контекстінде ерекше реңкке ие. Мәтіндегі Ақбілектің сол тұстағы кейпін танытуға бағытталған «күнә» сөзі де бейнет пен қорлықтың жетегінде.

Күнә – 1. Сөзі, ісі, ойы, ниеті арқылы дінге, шариятқа қайшы жасалған іс, теріс әрекет. 2. Ислам дінінде – рұқсат етілмеген, тыйым салынған, харам іс-әрекет. 3. Мін, кемшілік, қателік [15, 506]. Сөйлемдегі сөздер контекске қарай жақын мағыналы болып келеді және бірін-бірі толықтырғанын көреміз.

Сөйлемдегі «тазару» етістігі де «құтылды» сөзімен мағыналас. Бұл жерде, біріншіден, рухани тазаруды сипаттаса, екіншіден, қиындықтан, ауыртпалықтан құтылу сәтін бейнелеген. Сол қиындық пен ауыртпалықтан тазару ұғымын жеткізуге бағытталған *жеті қат көктегі ғарышқа апару, жүрегін алтын легенге салып жуу, анадай жаңа туғандай тазару* қолданыстары да контекстік синоним қызметін атқарып тұр.

Жеті қат көк – бұл қазақ халқының дәстүрді дүниетанымында кездесетін поэтикалық және философиялық ұғым. Ол аспан әлемінің құрылымын сипаттауға арналған және көбіне исламдық мәдениеттен, ежелгі түркілік дүниетанымнан алынған түсініктермен байланысты. Ежелгі мифологияда, түркілік танымда жеті деңгейлі аспан қабаттары ретінде суреттелетін тіркес. Біз алған мысалда поэтикалық сипатта келіп, адам қолы жетпейтін биік, рухани тазару мен еркіндікке жетудің символы ретіндегі қолданыспен берілген.

Жүрегін алтын легенге салып жуу – бұл поэтикалық әрі символдық тіркес, адамның символдық тазаруын, жан дүниесінің жаңаруын, күнәлар мен қателіктерден арылуын бейнелейді. *Жүрек* – қазақ мәдениетінде адамның рухани орталығы, жан дүниесінің, сезімдері мен адамгершілігінің негізі ретінде қарастырылады. *Алтын леген* – тазалық пен қасиеттілікті білдіреді. Алтынның таза металл екенін ескерсек, леген тұрмыста кірді тазалау үшін пайдаланылатын зат екені белгілі. *Жууға* келсек, күнәлардан, қателіктерден немесе жан дүниесін мазалаған ауыртпалықтардан арылуды бейнелеп, рухани тазару, жаңарудың меңзеген. Ж. Аймауытов кейіпкерінің басынан өткерген қиындықтарынан, қателіктері мен азаптарынан арылып, өмірін ақ парактан бастауды шешкен сезімін сипаттау үшін алынған осы сөйлемдер «*Анадан жаңа туғандай тазарды*» деген қолданыста кейіпкердің тазаруға бағытталған ой желегінің бір арнаға тоғысуына алып келген. «*Анадан жаңа туу*» – рухани тазару мен бейнет, азаптан құтылудың жоғары шегі. Бұл қолданыстар бірін-бірі алмастыра алары сөзсіз. Автор кейіпкерінің «тазалану» жолын жан-жақты,

тереңірек сипаттау мақсатында оны бірнеше мәндес ұғымдармен жеткізген. Олар жалпы лексикалық синонимдерден сөйлемнің мағынасын анықтайтын мәтіншілік ортада қолданылу тұрғысынан ерекшеленеді. Ендеше, контекстік синонимдердің өзгешелігі мынада: біріншіден, мәндес мағына контекстік ортада ғана анықталады. Екіншіден, семантикалық жақындыққа негізделеді. Олардың мағыналары ұқсас немесе бірін-бірі толықтырушылық қасиетке ие.

Контекстік синонимдер арқылы тілдегі сөз мағынасының икемділігін, сөздің құбылу сипатын танимыз. Оның әртүрлі контекске бейімделу қабілеті де ашыла түседі. Яғни бір контексте мағыналас мәнде жұмсалып тұрған сөздер, сөз тіркестері басқа контексте айырмашылығы бар болғандықтан, синонимдік жұп бола алмайды. Қатар түзе алмайды. Контекстік синонимдердің қатарын түзген сөздер мен сөз тіркестері сөз мағынасын қоршаған контекстегі түрленістен ашылады. Бұл сөздердің мағыналары динамикалық түрде қалыптасып, автор нысанын таныту мақсатында жұмсаған сөздерінің өзара қарым-қатынасы арқылы байқалады. Контекстік синонимдердің негізгі тірегі – мәтіндік және мағыналық байланыс.

*Мен өлік, мен суық тән, менде жан жоқ,
Жүрегімде өмір жоқ, ыстық қан жоқ.
Үміт жоқ, жек көру жоқ, махаббат жоқ,
Сезім жоқ, кірпігімді қозғар хал жоқ* (С. Торайғыров).

Автордың «меннің» енжар қалпын терең эмоционалды және философиялық ұғымдар арқылы жеткізуінен де контекстік синонимді аңғардық. Бұл мысалдағы контекстік синонимдер ұқсас мағына беретін, бірақ әртүрлі аспектілерді көрсететін сөз тіркестері арқылы жасалған. Сол арқылы адамның физикалық, рухани, эмоционалдық жағдайын терең, жан-жақты жеткізе білген. «Тірі өлік» кейпіндегі адамды сипаттауға қызмет еткен контекстік синонимнің ұлғайған түрі десек те болады. Сөйлемнің бірыңғай контекстік синонимге негізделіп жасалуын Б. Сағындықұлы да екшелеп, шағын мәтіннің өзі бірыңғай контекстік синонимдерден тұру мүмкіндігін мысалмен жеткізген [9, 107].

Өлік, суық тән, жан жоқ – бұлар адамның өлімін көрсету мағынасында ғана емес, рухани бос кейіпті танытуға қызмет еткен. Өмір мен жылудың жоқтығы, тіршіліктің жоқтығын танытады. *Жүрегімде өмір жоқ, ыстық қан жоқ* – ол да ақын кейіпкерінің тіршілігі мен құштарлығының жойылғанын бейнелейді. Ыстық қанның болуы өмірдің тоқтауымен бірдей. Қан дене температурасының тұрақтылығын шамамен 36.5-37 градуста қамтамасыз ететінін ескерсек, ыстық қанның болмауы қан айналымы тоқтап, бұл жүрек жұмысының жұмыс істемеуіне алып келеді. Мысалда қанның «ыстық» болу мүмкіндігінен айырылуы сипатталған. Демек, адам тіршілігінен айырылған. Бұл тіркес те *Мен өлікпен* мәндес. 3-тармақтағы *үміт, жек көру, махаббат* сезімдері – бір-біріне қарама-қарсы мағыналық сипаттағы сөздер. Адамның ішкі сезімдерін бейнелейтін бұл эмоциялардың жоқтығын сипаттау арқылы кейіпкердің сезімнен айырылғанына куә боламыз. Бұл да өз кезегінде *Мен өлікті* аша түскен. Өлік болғандықтан, тірі адамға тән сезу қасиетінен ада. Оны 4-тармақта баяндай отырып жеткізген. *Сезімнің жоқтығы, кірпігін қозғар хал жоқ* болуы енжарлықты танытқан. Бос кеңістік пен физикалық дәрменсіздікті сипаттауы – о бастағы *Мен өліктің* дәлелі.

Үзіндідегі барлық тіркестердің ұйытқысы – «жоқ» сөзі. Ол автордың негізгі ойын сипаттауға қызмет еткен. «Жоқ» сөзі өлеңнің әр жолында қайталанып келуі арқылы барлық сөздер мен сөз тіркестерін бір арнаға бағыттаған. Сол арқылы біртұтас идеяны жеткізген. Өмір, үміт, махаббат, сезімдерді жоққа шығарып, нәлдік күйді сипаттауды көздеп, сөздің контекстік мағынасын бір бағытқа шоғырландырған. Бұл біртұтас бағыт – болмыстың, тіршіліктің толық жоқтығын бейнелеу. Жалпы «жоқ» сөзі арқылы болымсыздықты білдіретін морфологиялық синонимдердің жасалатынын М. Серғалиев бір сыңарында есімдерден де, етістіктерден де кейін келе беретін *жоқ* сөзі болса..., *жоқ*-пен айтқанда, қимыл-әрекеттің үшті-күйлі іске аспағандығы, демек, болымсыздықты барынша айқын таныту қасиеті білініп тұратынын көрсеткен [11, 42].

Жоғарыда біз зерделеген контекстік синоним мысалдарының мәтіндік мағынасы – оқиғаның семантикалық моделі. Бұл туралы Т.Б. Радбиль (Г.И. Кустованың пікіріне арқау сүйеп, талдау жасаған) жағдайдың семантикалық сипатты таныту қасиетін былай берген: «Слово в определенном значении, «выбирая» из ситуации только часть информации, дает определенный способ концептуализации, осмысления этой ситуации – другими словами, оно является семантической моделью ситуации, и, как всякая модель, что-то подчеркивает, высвечивает, если угодно, выпячивает, а что-то затемняет, отодвигает на задний план или даже искажает» [16, 169].

Нәтижелер. Контекстік синоним парадигмасы қазақ тіл біліміндегі маңызды зерттеу бағыты ретінде қарастырылды. Синонимдердің мәтін ішіндегі мағыналық реңкі, стилистикалық ерекшелігі және автор идеясын жеткізудегі рөлі талданды. Лексикалық, семантикалық және парадигматикалық ерекшеліктері бойынша синонимдердің контекстегі қолданысы нақтыланып, олардың мағыналық өзгерісі сөйлем ішіндегі байланыстың дәлдігін қамтамасыз ететіндегі анықталды.

Контекстік синонимдер ғалым Қ. Жұбанов айтқан жуықтық тенденциясына саяды. Олардың сыртқы болмысында аулақтық тенденциясы байқалғанмен, «Әрбір сөз формасы осы екі жаққа тартқан екі түрлі ішкі тенденция күресінің нәтижесі. Тіл қызметіне осы екі тенденцияның бір жағы ғана билеп кете алмайды, екеуі де өздеріне тиесілі сыбаға алады. Бір-біріне қарсы мәнде екі тенденция дегеніміз осы» [17, 504]. Контекстік синонимдер ретінде алынған бірліктерде ішкі мәндік парадигма басты рөл атқарады.

Қорытынды. Қорыта келгенде, контекстік синонимдер – сөздер арасында мағыналық ұқсастық тек белгілі бір контексте ғана байқалатын құбылыс. Олар жалпы мағынада синоним болмауы мүмкін. Алайда нақты сөйлемде алынған жағдайға байланысты бір-бірін алмастыра алады. Контекстік синонимдер әрдайым өзара толық синоним болмауы мүмкін, өйткені олардың мағынасы, қолданылу аясы немесе стилистикалық реңкі әртүрлі болып келеді. Контекстік синонимді синтаксистік синонимнің бір түрі ретінде зерттеген М. Серғалиев: «Контекстік синонимдер көбінесе поэзиялық шығармаларда кездеседі. Ол себепсіз де емес... Контекстік синонимдердің біразы көңілге келген көп ойды ағын судай ағыл-тегіл ақтара салғандай, шыбат үстінде тыңдаушысына тез жеткізуге асыққан халық ақындарының толғау, жырларында ұшырасады» [11, 36], – дейді.

Біз біршама тарқатқан контекстік синонимдердің ерекшелігі мынада: біріншіден, контекстік синонимдер мағыналық ұқсастығы жағынан тек белгілі бір контексте байқалады, ал лексикалық синонимдердің мағынасы жалпы қолданыста да ұқсас. Екіншіден, қолданылу аясы тұрғысынан контекстік синоним контекстке тәуелді болса, лексикалық синонимдер еркін қолдана алады. Үшіншіден, контекстік синонимдерде стилистикалық реңк контекстке байланысты өзгерсе, лексикалық синонимдерде бірдей, жуық, ұқсас реңкке ие. Төртіншіден, бірін-бірі алмастыру қызметі тұрғысынан контекстік синонимдер әрдайым бірін-бірі алмастыра бермесе, лексикалық синонимдер өзара бірін-бірі алмастыра алады. Контекстік синонимдер сөйлемнің немесе мәтіннің ішіндегі ерекше мағыналық байланыстар арқылы анықталады. Олар жазушының немесе сөйлеушінің ойын жеткізуге икемді құрал болу шеберлігімен көзге түседі.

Әдебиеттер

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
2. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдері. – Алматы: Мектеп, 1988. – 128 б.
3. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 104 б.
4. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Эверо, 2008. – 464 б.
5. Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы: Үш қиян, 2009. – 488 б.

6. Сағындықұлы Б., Аманжанова Ж.Е. Зат есімнен жасалған синонимдердің семантикалық және қолданыстық реңктері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – № 2 (178). – Б. 159-165. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph21>
7. Zeng X. Semantic relationships between contextual synonyms // US-China Education Review, 2007, Volume 4, No. 9 (Serial No. 34). – P. 33-37. ISSN 1548-6613, USA. DOI: https://www.researchgate.net/publication/234657460_Semantic_Relationships_between_Contextual_Synonyms.
8. Сағындықұлы Б. Лексикалық бірліктердің салаластық белгілері. Кітапта: Қазақ синтаксисінің мәселелері. – Павлодар: ПМПИ, 2010. – Б. 86–93.
9. Сағындықұлы Б. Салалас құрмалас сөйлемнің синонимдік дамуы. Кітапта: Қазіргі қазақ тілі. Контактология. Конфликтология. – Алматы: Қазақ тілі, 2015. – 320 б.
10. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
11. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 411 б.
12. Сағындықұлы Б. Тілдік бірліктердің паратаксистік қызметі: трансформ жүйесі мен апперцепция құбылысы. – Алматы: Қазақ тілі, 2015. – 192 б.
13. Апресян Ю. Д. Лексическая семантика. – М.: Восточная литература, 1995. – 472 с.
14. Li Y., Chen J., Li Y., Yu T., Chen X., Zheng H-T. Embracing Ambiguity: Improving Similarity-orientated Tasks with Contextual Synonym Knowledge // Journal «Neurocomputing» 2023, Vol. 539. – P. 1-13 DOI: <https://doi.org/10.48550/arXiv.2211.10997>
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст.: Қ. Күдерінова, О. Жұмабаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 744 б.
16. Радбиль Т.Б. Основы изучения языкового менталитета. – М.: Флинта, Наука, 2013. – 328 с.
17. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

Н.Х. АХТАЕВА, Ә.К. СҮЛЕЙМЕНОВА, Б.Ж. САРЫБАЕВА

Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулан,
Павлодар, Казахстан

ПАРАДИГМА КОНТЕКСТУАЛЬНОЙ СИНОНИМИИ

Аннотация. В языкознании основным инструментом передачи значения слова являются синонимы. Особенно широко раскрыты их функция как лексических единиц. Исследования показывают, что изучение синонимов в любом языке даёт значимые результаты. Авторы статьи рассматривают данный вопрос с точки зрения использования синонимов в речи.

В статье анализируется парадигма контекстуальных синонимов в казахском языке. Рассматриваются уровень изученности в лингвистике, их место, семантические и стилистические особенности, а также роль в построении текста. Освещаются семантические оттенки синонимов в контексте, их сфера употребления и роль в передаче авторского замысла.

В данной статье рассматривается синонимический ряд, особенности его употребления в тексте и характеристики, представленные в трудах исследователей. Рассматриваются особенности функционирования синонимических рядов, их сочетаемость, семантическая валентность и внутрисинтаксические функции. В качестве теоретической базы использованы труды таких известных исследователей, как А. Болганбаев, К. Аханов, А. Айгабылов, А. Салкынбай, Б. Сағындықұлы, Г. Смагулова, Б. Шалабай, Г. Хасенов, а также Ю.Д. Апресян. Особое внимание уделено прагматической и стилистической замещаемости синонимов в пределах высказывания.

В статье предлагается рассматривать контекстуальные синонимы как самостоятельные единицы в семантической системе языка, выявляется их значимость в раскрытии содержания текста. Исследование опирается на методы лингвистического анализа художественных текстов и способствует углубленному пониманию синонимии в казахском языке. Анализируются возможности взаимозаменяемости синонимов в контексте, их стилистические и парадигматические функции, а также их роль в языковой системе. В ходе исследования на основе лингвистических методов проводится рассмотрение внутритекстовой близости

синонимических единиц в художественных произведениях. Полученные результаты способствуют более глубокому пониманию феномена синонимии в языкознании.

Ключевые слова: контекстные синонимы, семантическое поле, лексический синоним, прагматический смысл, синтаксический синоним, прагматические связи.

N.Kh. AKHTAYEVA, A.K. SULEIMENOVA, B.Zh. SARYBAYEVA

Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan

THE PARADIGM OF CONTEXTUAL SYNONYMY

Annotation. In linguistics, synonyms are considered one of the primary tools for conveying the meaning of a word. Their function as lexical units has been extensively explored. Research demonstrates that the study of synonyms in any language yields significant linguistic insights. This article addresses the phenomenon from the perspective of synonym usage in speech.

The article analyzes the paradigm of contextual synonyms in the Kazakh language. It examines the level of scholarly investigation, their position within the language system, semantic and stylistic features, and their role in text construction. The study highlights the semantic nuances of synonyms in context, their domains of use, and their function in conveying the author's intent.

The article explores synonymic series, their contextual usage, and classifications as presented in the works of leading linguists. It considers collocability, semantic valency, and syntactic roles of synonymous units. The theoretical foundation relies on the works of renowned scholars such as A. Bolganbayev, K. Akhanov, A. Aigabylov, A. Salkynbay, B. Sagyndykuly, G. Smagulova, B. Shaladay, G. Khasenov, and Yu.D. Apresyan. Special attention is given to the pragmatic and stylistic substitutability of synonyms within utterances. The findings support the recognition of contextual synonyms as independent semantic units and contribute to a deeper understanding of synonymy in Kazakh linguistics.

Keywords: contextual synonyms, semantic field, lexical synonym, pragmatic meaning, syntactic synonym, pragmatic connections.

References:

1. Qaliev Č., Bolğanbaev Ä. Qazırgı qazaq tılınıñ leksikologiasy men frazeologiasy. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2006. – 264 b.
2. Orazbaeva F. Qazırgı qazaq tılındegı syn esım sinonimderı. – Almaty: Mektep, 1988. – 128 b.
3. Aıǵabylov A. Qazaq tılınıñ leksikologiasy. – Almaty: Däuir-Kıtap, 2013. – 104 b.
4. Salqınbai A. Qazırgı qazaq tılı. – Almaty: Evero, 2008. – 464 b.
5. Hasanov Č. Qazaq tılınıñ leksikalyq sintagmatikasy. – Almaty: Üş qian, 2009. – 488 b.
6. Saǵyndyquly B., Amanjanova J.E. Zat esımnen jasalǵan sinonimderdıñ semantikalyq jáne qoldanystyq reńkterı // Äl-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq universiteti Habarshysy. Filologia seriasy. – 2020. – № 2 (178). – B. 159-165. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph21>
7. Zeng X. Semantic relationships between contextual synonyms // US-China Education Review, 2007, Volume 4, No. 9 (Serial No. 34). – P. 33-37. ISSN 1548-6613, USA. DOI: https://www.researchgate.net/publication/234657460_Semantic_Relationships_between_Contextual_Synonyms.
8. Saǵyndyquly B. Leksikalyq birlıkterdıñ salalastyq belgilerı. Kıtapta: Qazaq sintaksisınıñ máseleleri. – Pavlodar: PMPİ, 2010. – B. 86–93.
9. Saǵyndyquly B. Salalas qūrmalas sōilemnıñ sinonimdık damuy. Kıtapta: Qazırgı qazaq tılı. Kontaktologia. Kofliktologia. – Almaty: Qazaq tılı, 2015. – 320 b.
10. Qazırgı qazaq tılındegı sintaksistık paradigmalar. – Almaty: Memlekettık tıldı damytu instituty, 2016. – 464 b.
11. Serǵaliev M. Sintaksis máseleleri. – Astana: L.N. Gumilev atyndaǵy EÜU, 2006. – 411 b.
12. Saǵyndyquly B. Tıldık birlıkterdıñ parataksistık qyzmeti: transform júiesı men apersepsia qūbylysy. – Almaty: Qazaq tılı, 2015. – 192 b.

13. Apresjan Ju.D. Leksicheskaja semantika. – M.: Vostochnaja literatura, 1995. – 472 s.
14. Li Y., Chen J., Li Y., Yu T., Chen X., Zheng H-T. Embracing Ambiguity: Improving Similarity-orientad Tasks with Contextual Synonym Knowledge // Journal «Neurocomputing» 2023, Vol. 539. – P. 1-13 DOI: <https://doi.org/10.48550/arXiv.2211.10997>
15. Qazaq ädebi tiliniñ sözdıgı. On bes tomдық. 8-tom / Qūrast.: Q. Küderinova, O. Jūmabaeva, M. Jolşaeva және т.б. – Almaty: Tıl bılımı instituty, 2011. – 744 b.
16. Radbil' T.B. Osnovy izuchenija jazykovogo mentaliteta. – M.: Flinta, Nauka, 2013. – 328 s.
17. Jūbanov Q. Qazaq tıl bılıminiñ мәseleleri. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Ахтаева Нағима Хабдрашитқызы – философия докторы (PhD), Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Павлодар, Қазақстан.

Ахтаева Нағима Хабдрашитовна – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Павлодарского педагогического университета имени А. Маргулан, Павлодар, Казахстан.

Akhtayeva Nagima Khabdrashitovna – Doctor of Philosophy (PhD), associate Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

Сүлейменова Асем Кималиденовна – философия докторы (PhD), Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Павлодар, Қазақстан.

Сүлейменова Асем Кималиденовна – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Павлодарского педагогического университета имени А. Маргулан, Павлодар, Казахстан.

Suleimenova Assem Kimalidenovna – Doctor of Philosophy (PhD), associate Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

Сарыбаева Баян Жумашевна – филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан.

Сарыбаева Баян Жумашевна – кандидат филологических наук Павлодарского педагогического университета имени А. Маргулан, Павлодар, Казахстан.

Sarybayeva Bayan Zhumashevna – Candidate of Philological Sciences, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.